

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 16 маусымдағы N 586 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 қарашадағы N 1967 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Өркен" акционерлік қоғамының директорлар кеңесінің құрамы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 16 маусымдағы N 586 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:
көрсетілген қаулыға қосымшада:

мына:

"Шәмшидинова - Қазақстан Республикасының Білім
Күләш Ноғатайқызы және ғылым вице-министрі"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Шәмшидинова - "Өркен" акционерлік қоғамының басқарма
Күләш Ноғатайқызы төрайымы";

мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

"Қуанғанов - Қазақстан Республикасы Білім және
Фархад Шаймұратұлы ғылым министрлігінің жауапты хатшысы

Келімбетов - Самұрық-Қазына ұлттық әл-ауқат қоры"
Қайрат Нематұлы акционерлік қоғамының басқарма
төрағасы";

мына:

"Өтеулина - "Өркен" акционерлік қоғамының басқарма
Хафиза Мұхтарқызы төрайымы";

деген жол алынып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бір ай мерзімде тәуелсіз директордың кандидатурасы бойынша ұсыныс енгізсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі К. Мәсімов